

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 22 қазандағы N 460 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 қазанда тіркелді. Тіркеу N 955. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 153 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауы және кіріспесі өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің сақталысын қамтамасыз ету және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін дербес жүзеге асыратын ұйымдардың инвестициялық қызметін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты Қаулы етеді:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп беру ережесі бекітілсін (қоса берілді)

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

2. Жоғарыда аталған Нұсқаулықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты " Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның

назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппараты лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты (ол күшіне енгізілгеннен кейін) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, кастодиан-банктердің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанындағы Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеттің назарына жеткізсін ;

2) жоғарыда аталған Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық

комиссиясы Директоратының

1999 жылғы 22 қазандағы N 460

қаулысымен бекітілді

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп беру ережесі

Ескерту: Атауы өзгертілді, кіріспесі жаңа редакцияда жазылды және мәтін бойынша "өткізіп беруші компанияның", "өткізіп беруші компания", "қабылдаушы компанияның", "қабылдаушы компания" деген сөздер тиісінше "өткізіп беруші ұйымның", "өткізіп беруші ұйым", "қабылдаушы ұйымның", "қабылдаушы ұйым" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған жағдайда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар арасында, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның арасында зейнетақы активтеріне түгендеу жүргізу және өткізіп беру тәртібін белгілейді.

1. Осы Нұсқауда қолданылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) "Шарт" - жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым арасында зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарт;

2) "Бірінші басшы" - заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басшысы немесе заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асырушы тұлға ;

3) Өткізіп беруші ұйым" - зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шарты бұзылатын зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын және жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын басқа ұйымға, не зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы зейнетақы қорына беретін ұйым;

4) Қабылдаушы ұйым" - зейнетақы активтерін инвестициялық басқару шарты жасалатын, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым, не зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жинақтаушы, зейнетақы қоры;

4-1) уәкілетті орган" - жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиан-банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

5) "Қор" - жинақтаушы зейнетақы қоры.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

2. Шартты бұзу туралы жазбаша ескертпеде көрсетілген немесе Шартқа сәйкес айқындалған Шартты бұзу күніне дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын Шартты бұзуға бастамашы ұйымның бірінші басшысы бұйрығының негізінде құрамында Қордың, өткізіп беруші заңды тұлғаның және қабылдаушы ұйымның уәкілетті өкілдері бар келісім комиссиясы құрылу керек.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

3. Келісім комиссиясының функциялары:

1) Шартты бұзу күнінің жағдайы бойынша Қордың зейнетақы активтерін түгендеу ;

2) осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға өткізіп берудің тәсілдері мен мерзімдерін айқындау ;

3) Қордың зейнетақы активтерін өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға өткізіп берудің тәсілдері мен мерзімдерін айқындау болып табылады.

4. Келісім комиссиясының жұмысы барысында өткізіп беруші ұйым қабылдаушы ұйымға өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқарған барлық кезеңіндегі мынадай құжаттарды өткізіп береді

:

1) өткізіп беруші ұйым бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (асырған) ұйымдарға Қордың зейнетақы активтерінің есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға тапсырмаларының көшірмелері;

2) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын (асырған) ұйымдардың өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерінің есебінен бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға тапсырмаларының орындалысы туралы есептерінің көшірмелері;

3) өткізіп беруші ұйым Қордың зейнетақы активтерінің есебінен бағалы қағаздармен дербес түрде мәмілелер жасаған кезде - осындай мәмілелердің жасалғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) Қордың инвестициялық шотынан Қордың кастодиан-банкі берген үзінді-көшірмелердің көшірмелері;

5) Қордың зейнетақы активтерінің "депо" субшотынан "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ы берген үзінді-көшірмелердің көшірмелері;

6) Қордың зейнетақы активтерін өткізіп беру күніне қолданылып жүрген, Қордың зейнетақы активтерінің есебінен екінші деңгейдегі банктермен жасасқан (сатып алынған) депозиттік шарттардың (екінші деңгейдегі банктердің депозиттік сертификаттарының) түпнұсқалары;

7) Қордың зейнетақы активтерін өткізіп беру күніне мерзімдері өтіп кеткен, Қордың зейнетақы активтерінің есебінен екінші деңгейдегі банктермен жасасқан депозиттік шарттардың көшірмелері;

7-1) Шартты бұзу күнінің алдындағы айлардағы Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтамалардың уәкілетті органға ұсынылған көшірмелері;

8) өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруына қатысты өзге де құжаттар (келісім комиссиясы мүшелерінің келісімдері бойынша).

Ескерту: 4-тармақ толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 22 қазандағы N 460 қаулысымен, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен.

5. Келісім комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша мазмұнында мынадай мәліметтері бар зейнетақы активтерін қабылдау-өткізіп беру актісі (бұдан әрі "Акт" деп аталады) ресімделеді:

1) Қордың, өткізіп беруші ұйымның, қабылдаушы ұйымның және Қордың кастодиан-банкінің толық атауы (аталған ұйымдарды Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктеріне сәйкес);

2) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның тіркелген (Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктеріне және статистикалық карточкаларына сәйкес) және нақты орналасқан жері;

3) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның банктік р е к в и з и т т е р і ;

4) тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға Қорға, өткізіп беруші ұйымға және қабылдаушы ұйымға берілген лицензияның нөмірлері және берілген күні;

5) Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның бірінші басшыларының және бас бухгалтерлерінің аттары (тектері, өз аттары және құжаттарында жазылған болса әкесінің аты);

6) Қордың зейнетақы активтерінің есебінен жасалған инвестицияның ағымдағы құн (есептелген табысты қоса) бойынша жиынтық мөлшері;

7) Қордың инвестициялық шотынан оның шотына жүргізілген зейнетақы төлемдері аударымдарының сомасы (инвестициялық шотқа қайта келіп түскен ақшаларды есепке ала отырып);

8) инвестициялық шоттардағы теңгемен және шетелдік валютамен көрсетілген ақша қалдығы;

9) ұлттық біріздендіру нөмірлерін, санын (данамен) сатып алу бағасын, бір бағалы қағаз бойынша есептелген табысты, бір бағалы қағаздың ағымдағы құнын, бағалы қағаздың жалпы санын, есептелген табыстың жалпы сомасын, бағалы қағаздарға жасалған инвестицияның ағымдағы құнын, Қордың зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздарға қатысты өзге де болуы мүмкін мәліметтерді көрсете отырып өткізіліп берілетін бағалы қағаздардың т і з б е с і ;

10) депонент банктердің атаулары, салымдардың сомалары, олар бойынша жылдық процентпен сыйақы ставкалары, есептелген сыйақы сомалары, алынған сыйақы сомалары, қордың зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған өзге де болуы мүмкін мәліметтер көрсетіле отырып, екінші деңгейдегі банктердегі өткізіліп берілетін салымдардың тізбесі;

11) міндеттемелердің сомалары, оның ішінде қателесіп есепке алынған сомалар, Қордың зейнетақы есебінен аударуға жататын сомалар, өзге де кредиторлық қарыздардың сомалары, зейнетақы жарналарының есебінен және инвестициялық табыстардың есебінен Қор және өткізіп беруші ұйым төлеуге жататын сомалар, өзге болуы мүмкін міндеттемелердің сомалары;

12) өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерін басқарған барлық кезеңдегі оның есептелген комиссиялық сыйақысының жалпы сомасы;

13) өткізіп беруші ұйымның Қордың зейнетақы активтерін басқарған барлық кезеңдегі Қордың және өткізіп беруші ұйымның төленген және төлеуге жататын комиссиялық сыйақыларының сомалары;

13-1) Шартты бұзу күнінің алдындағы күннің соңына Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеудің нәтижелері;

14) Қордың зейнетақы активтеріне қатысты, өткізіп беруші ұйымнан қабылдаушы ұйымға өткізілген өзге болуы мүмкін мәліметтер;

15) көлемдерін көрсете отырып, осы Ереженің 4-тармағына сәйкес өткізіліп берілетін құжаттардың тізбесі. Осындай тізбенің нақтылығын келісім комиссиясының мүшелері айқындайды.

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 22 қазандағы N 460 қаулысымен , өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

6. Келісім комиссиясының жұмысы Шартты бұзу күніне аяқталу керек.

7 . А к т :

1) Шартты бұзу күніне Қор, өткізіп беруші ұйым, қабылдаушы ұйым, Қордың кастодиан-банкі, уәкілетті орган үшін бір дана бойынша бес данада жасалады;

2) Актіге келісім комиссиясының мүшелері, Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның бірінші басшылары және бас бухгалтерлері қол қ о я д ы ;

3) Акт Қордың, өткізіп беруші ұйымның және қабылдаушы ұйымның мөр т а ң б а с ы м е н р а с т а л а д ы ;

4) Актіде Қордың кастодиан-банкінің осы Акті мәліметтерінің нақтылығы туралы кастодиан-банктің бірінші басшысы немесе оның Қорға кастодиандық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бөлімшесіне жетекшілік жасайтын басшы қызметкері қолымен және кастодиан-банктің мөрінің таңбасымен расталған б е л г і с і б о л у к е р е к ;

5) Актіні Шартты бұзуға бастамашы ұйымның бірінші басшысы бекітеді.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

8. Осы Ереженің 7-тармағы 2)-5) тармақшаларының талаптарына сәйкес ресімделген актінің даналары ол бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға берілуге тиіс.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 131 қаулысымен .

9. Актінің бекітілген күні Қордың зейнетақы активтерін қабылдаушы ұйымға инвестициялық басқаруға өткізіп беру күні болып танылады.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

